

80
ЖБИ



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Серік Мәуленұлы және М. Қозыбаев атындағы СҚМУ барша ұжымы. Сіздерді С.Торайғыров атындағы ПМУ ұжымының атынан биылғы 80 жылдық мерейтойларыңызбен құттықтаймын.

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті - Қазақстан Республикасын сапалы маманмен қамтамасыз етіп отырған 80 жылдық тарихы бар алғашқы жоғары оқу орындарының бірі. 80 жыл дегеніміз аз уақыт емес, осы бір ғасырға жуық уақыт ішінде осы кара шаңырақ талай мықты ғалымдарды, жалынды спортшыларды, дарынды өнерпаздарды тәрбиелеп шығарды. Мыңдаған ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп ел Тәуелсіздігінің қалыптасуына зор үлес қосып келесіздер.

Бүгінде университет халықаралық стандартқа сәйкес "бакалавр-магистр-PhD докторы" үш сатылы жүйе бойынша мамандар даярланады. Университет 2004 жылдан бастап студенттерге жеке білім беру траекториялары мен оқытушыларды таңдау құқығын қамтамасыз ететін кредиттік оқыту технологиясын жүзеге асыруда. Мұнда бакалавриаттың 47 мамандығы, магистратураның 23 мамандығы, PhD докторантурасының 4 мамандығы бойынша мамандар даярлайды. Бұл дегеніміз өте үлкен жетістік, аса зор көрсеткіш.

Құрметті Серік Мәуленұлы, Сіздер Қазақстанда білім беру сапасы жоғары тәжірибелі оқу орындардың бірі боласыздар. Сондықтан алдағы уақытта да тығыз қарым қатынас жасап, тәжірибе алмасамыз деген ойдамын. Сіздердің ұжымдарыңызға зор денсаулық, шығармашылық табыс табыс тілейміз. Еліміздің дамуы жолында аянбай еңбек ете беріңіздер.

Құрметпен
С.Торайғыров атындағы
ПМУ ректоры



Г. Ахметова